«Келісімді»
МКҚК «№2 бөбекжайы»
Әдіскері: Темирова Н.П.

«Келісімді»
МКҚК «№2 бөбекжайы»
Басшы: Сенчило С.Н.

2024-2025 оқу жылына арналған «№2 бөбекжайы» МКҚК мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
Үлгілік бағдарламасы және Үлгілік оқу жоспары негізінде ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары
«Ақжелкен» аралас тобы
Балалардың жасы: 4 пен 5 жас
Тәрбиешілер: Сапарова.А.А
Увайсова.А.М

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ересек | Мектепалды |
|---|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене шынықтыру** | Негізгі қимылдар:<br>Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.<br>Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттар-дан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы ке-зекпен) аттап өту; | Бұрын үйретілген жаттығуларды қайталау,бекіту,қимыл біліктері мен дағдыларын жетілдіру;<br>Сапта бір қатармен аяқтың ұшымен, өкшемен жүру..<br>Тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеру, заттарды аттап өту.Түрлі қарқында қозғалыс бағытын өзгерту, шашырап заттар арасымен жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру.<br>.Қос қолмен допты жоғары жіптің үстінен лақтыру, допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып, қос қолмен қағып алу.<br>Балалардың денсаулығын қадағалау.<br>Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен өту<br>Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып өрмелеу.<br>Лақтыру, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру.<br>Сапқа тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Сауат ашу** | | Сөз терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; Сөз терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру;<br>Дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру;<br>Дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру;<br>Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету;<br>Балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету;.<br>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру.Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Қолды жазуға дайындау. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.<br>Сөздік қор.<br>Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Келесі дағдыларды жетілдіру:<br>1) байланыстырып сөйлеу;<br>2) жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше | Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Қоршаған орта жайлы білімдерін ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту.<br>Қоршаған орта жайлы білімдерін ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту Жалпылауыш сөздерді және зат есімдерді дұрыс қолдану біліктерін дамыту Жалпылауыш сөздерді және зат есімдерді дұрыс қолдану біліктерін дамыту .<br>Тыңдау және тілдік түсіну дағдыларын қалыптастыру Тыңдау және тілдік түсіну дағдыларын қалыптастыру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | және көпше түрде қолдану; | |
| | **Көркем әдебиет** | Оқу, әңгімелеу.<br>Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру; | Көркем әдебиетке қызығушылыққа баулу. Мәнерлеп оқу, Көркем әдебиетке қызығушылыққа баулу.<br>Әңгімелеу. .шығармалардың эмоцианалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу; .шығармалардың эмоцианалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу; Мәнерлеп оқу, әдеби жанр түрлерін түсіндіру:ертегі,әңгіме,өлең; әдеби жанр түрлерін түсіндіру:ертегі,әңгіме,өлең; |
| | **Қазақ тілі** | Тілдік дамытушы орта.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар,<br>оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. | Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>Айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г-ғ, л-р, ж-з дыбыстарын есту бойынша ажыратуыға және анық айтуға үйрету.<br>Айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз с-з, ж-ш, н-ң, х-һ дыбыстарын есту бойынша ажыратуыға және анық айтуға үйрету. Берілген дыбысқа сөз таңдауға, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйрету Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>Дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>Берілген дыбысқа сөз таңдауға, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйрету Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын қалыптастыру |
| | **Математика негіздері** | Жиын<br>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. | Кеңістік ұғымдарын бекіту, заттың кеңістікте орналасуы (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде)<br>Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі,материалы,қолданылуы) салыстыра білуге үйрету .<br>Жиын.Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту; «Бір деген» ұғым бір ғана заттың санын ғана емес сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін таныстыру |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Бала, оның отбасы, үйі: Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. | Туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата- анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін,мектеп, Сынып атауын, нөмірін айта білу, - .үйден мектепке дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін қалыптастыру; Балаларда өз отбасының мүшелеріне қамқорлық білдіру ниетін қалыптастыруға үйрету; - үй тапсырмаларын орындау, өзінің мейірімділік сезімдерін отбасы мүшелеріне сөзбен айта білуді тәрбиелеу. - Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар адамдардың еңбегімен жасалғандығы туралы, оған ұқыпты қарау керек екендігін түсіндіру. - Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, - айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету; Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат туралы қарапайым білімдерді меңгеру |
| | **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан құрастыру Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. | Құрылыс материалдарынан,конструктор бөлшектерінен құрастыру; -әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру дағдыларын қалыптастыру. -Берілген тақырып бойынша сөзбен сипаттау сурет, фотосурет бойынша құрылыс салуға үйрету - Балаларды елестету және заттарға қарап күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Сурет салу** | Заттық сурет салу.<br>Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.<br>Келесі біліктерді қалыптастыру:<br>Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.<br>Сюжеттік сурет салу:<br>қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. | Пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішінін, заттар мен олардың бөліктерінің үйлесімділігін нақты беруге үйрету -Балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі заттарды бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып,мүсіндеуге үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу.<br>Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;<br>Сюжеттік мүсіндеу.<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. | Балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі заттарды бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып,мүсіндеуге үйрету.<br>-Мүсінді бейнелі безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдауды ұсыну. |
| | **Жапсыру** | Заттық жапсыру:<br>1) қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>Сюжеттік жапсыру:<br>2) барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру;<br>көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды | Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту:жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию,шаршыларды үшбұрышты етіп қиюды үйрету; екіге бүктелген қағаздан,түрлі қатпарлы бейнелерді қиюды;дайын пішіндерден заттардың бейнесін қиып жапсыруға үйрету;<br>-Екіге бүктелген қағаздан түрлі қатпарлы бейнелерді қию дағдыларын қалыптастыру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қиюды бекіту. | |
| | **Музыка** | Балалардың музыкаға деген қызығушылығын, оны тыңдауға деген ұмтылысын дамытуды жалғастыру, музыкалық шығармаларды қабылдау кезінде эмоционалды жауап беру.<br>Музыка тыңдау мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру (алаңдамаңыз, шығарманы соңына дейін тыңдаңыз). Музыканың табиғатын сезінуге, таныс шығармаларды білуге, тыңдалғандар туралы өз әсерлерін айтуға үйрету.<br>Балаларды мәнерлі ән айтуға үйрету, ұзақ, қозғалмалы, келісілген ән айту қабілетін қалыптастыру (бірінші октаваның шегінде). | Музыкаға деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті дамытуды жалғастырыңыз. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен танысу негізінде музыкалық мәдениетті қалыптастыру.<br>Шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық реңктерін ажырата білуге үйрету.<br>Ән айтуда вокалды-есту үйлестіруін жетілдіру.<br>Музыканың сипаты мен оның бөліктерінің өзгеруіне сәйкес қимылдарды өзгерту арқылы жаттығулар жасауға үйрету: марштың сипатын айқын ритақты жүріспен жеткізу; музыканың қозғалмалы сипаты – жеңіл ритақты жүгіру, жартылай отыру ("серіппе").<br>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, импровизация жасау қабілетін дамыту; музыканың сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолдана отырып, би ойлап таба білу, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ересек** | **Мектепалды** |
|---|---|---|---|
| **Қазан** | **Дене шынықтыру** | Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренenің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту;<br>Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер | Жүру: Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру.Жүру: Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру.Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру;.Бір сызыққа қойылған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру; | заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту.Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру. 10.100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру..Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу |
| | **Сауат ашу** | | Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, 4.10 6.10 7.10 11.10 ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.<br>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. | Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану.<br>Дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану. Сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану.<br>Белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. | Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды Жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер) шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, |
| | **Қазақ тілі** | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды,<br>фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>Сөздік қор.<br>«Күз» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Бұл не?», «Жылдың қай мезгілі?» сұрақтарына қазақ тілінде жауап беруге үйрету;<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, шағын сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Күз айлары, | Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары.<br>Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қыркүйек, қазан, қараша, қолшатыр, күн, түн, жаңбырлы, бұлтты, сарғаяды)<br>«Жемістер» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Ә», «Ө», «І», «Ү», «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Алхоры, шабдалы, апельсин, банан,<br>қауын, қарбыз, дәруменді)<br>Апта күндерімен танысу. Балаларды жатқа айтуға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. (Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі) | альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіру. Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. |
| | **Математика негіздері** | Сан, санау<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. | 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. 2.Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен таныстыру 3. 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. 4.«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру 10 көлеміндегі сандарды салыстыру. Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Заттық әлем<br>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.<br>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің | Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі .<br>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі.<br>Болашақта табысты болуы үшін білімнің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.<br>Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. | қажеттігін түсіндіру.<br>Болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру.Жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу.<br>Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. |
| | **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан құрастыру<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.<br>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. | Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.<br>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. |
| | **Сурет салу** | Заттық сурет салу.<br>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Сюжеттік сурет салу:<br>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. | Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады)<br>Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу<br>Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін;<br>Сюжеттік мүсіндеу.<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.<br>Балаларды халық шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеуге үйрету; | Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру.<br>Қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. |
| | **Жапсыру** | Заттық жапсыру:<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға, ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сүлгіні қолдануды үйрету.<br>Сюжеттік жапсыру:<br>Дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту.<br>Сәндік жапсыру.<br>Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. | Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.<br>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. |
| | **Музыка** | Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқай білу дағдысын қалыптастыру: тыныш, қатты, баяу, жылдам.<br>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алу қабілетін дамыту.<br>Би қимылдарын, ойын музыкалық әрекеттерін орындауға деген қызығушылықты арттыру.<br>Таныс әндерді орындау кезінде балаларға арналған түрлі шулы музыкалық аспаптарды қолданыңыз. | Шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық реңктерін ажырата білуге үйрету.<br>Бірінші октаваның "ре" диапазонында, екінші октаваның "до" диапазонында жеңіл дауыспен ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық фразалар арасында тыныс алуды, ән сөздерін анық айтуды, орташа, қатты және тыныш дауыспен ән айтуды үйрету.<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ересек | Мектепалды |
|---|---|---|---|
| **Қараша** | **Дене шынықтыру** | Еңбектеу, өрмелеу. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. Құрсаудан еңбектеп өту. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту;<br>Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру; | Жүру:Заттардан бір қырымен аттап жүру.<br>Тепе-теңдік сақтау:Шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен жүру.Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру. Жүгіру.<br>Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен өту<br>Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып өрмелеу.<br>Лақтыру, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру.<br>Сапқа тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар.Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Музыкалық-ырғақтық қимылдар.Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар.Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. |
| | **Сауат ашу** | | Диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету. Диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру.Сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.Сөздерді дыбыстық талдау. Сөздерді дыбыстық талдау. Берілген сөзге сөйлем құрастыру. Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Берілген сөзге сөйлем құрастыру. Берілген сөзге сөйлем құрастыру. Сөйлемді ауызша талдау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | білу; музыкалық фразаларға сәйкес қозғалыс бағытын өзгерту. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.<br>Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. | Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру.«Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру. Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге.Бір-біріне қамқор болуға баулу. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Әңгімелесушіні тыңдауға үйрету |
| | **Көркем әдебиет** | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. | Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету.Шығармалардың мазмұнын түсіну.<br>Жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату.<br>Жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату.Тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер).<br>Тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер). 7.Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. |
| | **Қазақ тілі** | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды,<br>фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.<br>Сөздік қор.<br>Тірек сызбасымен жұмыс істей отырып сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастыруға үйрету; «Ү», «І», «Ұ», «Қ», «Ә» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Қаймақ, ірімшік, жұмыртқа, | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту 3.Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын таныстыру 4.Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын таныстыру.<br>Дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>Фонематикалық естуді дамыту. Фонематикалық естуді дамыту. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | күріш, балық, сорпа)<br>Ұлттық тағамдар атауларымен таныстыра отырып «Азық-түлік» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; Ұлттық тағамдардың пайдасы туралы мәлімет беру. | Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). |
| | **Математика негіздері** | Сан, санау<br>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. | Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру.Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату.Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Байланыс және қозғалыс құралдары<br>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.<br>Жолда жүру ережелері<br>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдарымен өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу | Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты). Өзінің жеті атасын білу.<br>Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.<br>Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. | өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. |
| | **Құрастыру** | Қағаздан құрастыру<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. | Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. |
| | **Сурет салу** | Заттық сурет салу.<br>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.<br>Сюжеттік сурет салу:<br>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.<br>Сәндік сурет салу.<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. | Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. |
| | **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу.<br>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере | Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. | мүсіндеу.<br>Сюжеттік мүсіндеу.<br>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.<br>Сәндік мүсіндеу:<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. |
| | **Жапсыру** | Заттық жапсыру:<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.<br>Сюжеттік жапсыру:<br>Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.<br>Сәндік жапсыру.<br>Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. | Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану.<br>Түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру. |
| | **Музыка** | Дыбыстарды биіктігі бойынша ажырата білу қабілетін дамыту (жоғары, төмен секста, септима), әндерді иллюстрациялар мен қимылдармен сүйемелдеу мүмкіндігі.<br>Әуенді таза айтуға, сөз тіркестерінің ұштарын жұмсартуға, сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе отырып, мәнерлеп ән айтуға үйрету; жоғары және төмен дауыспен, дауысты және есту қабілетін дамыту үшін қол қимылдарын көрсету.<br>Ағаш қасықтарда, сылдырмақтарда, барабанда, | Музыканың сипатын оның көңіл-күйінде көрсетілген кескін мазмұнымен байланыстыру қабілетін қалыптастыру.<br>Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.<br>Би қимылдарын меңгеру: бөлшек қадам, ауыспалы қадам, жүгіру, әр түрлі бағытта жүру.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | металлофонда қарапайым әуендерді ойнау қабілетін қалыптастыру. | топтарда орындауға үйрету, балалардың шығармашылығын дамыту, оларға белсенділік, Тәуелсіздік ұялату. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ересек | Мектепалды |
|---|---|---|---|
| **Желтоқсан** | **Дене шынықтыру** | Лақтыру, домалату, қағып алу. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет); | Жүру.Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру.<br>Қимылды ойындар.Ынта мен шығармашылық таныта отырып түрлі қимылдар жасау<br>Тепе-теңдікті сақтау.Аяқтың ұшымен жүру;<br>Дербес қимыл белсенділігі.Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру.<br>Дербес қимыл белсенділігі.Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру.<br>Жүгіру.Кедергілердің арасымен өту<br>Спорттық жаттығулар.Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және денені шынықтыру |
| | **Сауат ашу** | | Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>Сөздерге дыбыстық талдау жасау<br>Сөздерге дыбыстық талдау жасау<br>Сөздегі дыбыстардың ретін анықтау.<br>Сөздегі дыбыстардың ретін анықтау.<br>Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау<br>Берілген буынға сөз құрау . Сөздегі буындардың санын анықтау |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Сөздік қор Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, | Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.<br>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. | Етістіктерді жалғаулармен қолдану.<br>Етістіктерді жалғаулармен қолдану.<br>Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. | Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру<br>Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру<br>Диалогтік сөйлеуді дамыту.<br>Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.<br>Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.<br>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту. |
| | **Қазақ тілі** | Тілдік дамытушы орта.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар,<br>оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен<br>сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және<br>сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының | Сөздік қор. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын таныстыру<br>Тұрмыстық заттарды (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) таныстыру<br>Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран).<br>Таныстыру.Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран).<br>Таныстыру.Аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы).Мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға).Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. | тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру. Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру. |
| | **Математика негіздері** | Шама<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. | Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.<br>Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу. Өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдану.<br>Заттарды салыстыру.Заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру Сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Менің Отаным – Қазақстан<br>Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (Ту, Елтаңба, Әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.<br>Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. | Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну. Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.<br>Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Әртүрлі мамандықтар Мектеп қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту. Еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Құрастыру** | Қағаздан құрастыру<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. | Қағаздан құрастыру.Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау. |
| | **Сурет салу** | Заттық сурет салу.<br>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.<br>Сюжеттік сурет салу:<br>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.<br>Сәндік сурет салу.<br>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). | Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.<br>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану. |
| | **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Сюжеттік мүсіндеу<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен | Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.<br>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. | (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). |
| | **Жапсыру** | Заттық жапсыру:<br>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.<br>Сюжеттік жапсыру:<br>Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.<br>Сәндік жапсыру.<br>Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру,<br>Аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою өрнектермен безендіру. |
| | **Музыка** | Қазақ халық аспабы-домбыраның дыбыстарын қабылдай білуге үйрету.<br>Аспаптық сүйемелдеумен және онсыз ән айтуды үйрету (тәрбиешінің көмегімен).<br>Марштың сипатын ритақты жүріспен жеткізу; музыканың қозғалмалы сипаты-жеңіл, ритақты жүгіру, екі аяқпен қозғалмалы қарқынмен секіруді оңай және еркін орындау, музыкамағын дәл жеткізу.<br>Қазақ ұлттық би өнерімен таныстыру. "Қамажай" биін үйрету. | Балаларды өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыкалық өнерінің туындыларымен таныстыру.<br>Қазақ халық әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға деген қызығушылықты арттыру.<br>Би қимылдарын меңгеру: бөлшек қадам, ауыспалы қадам, жүгіру, әр түрлі бағытта жүру. |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ересек** | **Мектепалды** |
|---|---|---|---|
| **Қаңтар** | **Дене шынықтыру** | Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; | Секіру. бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру. Қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр)<br>Секіру. бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру. Қос аяқпен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | араларын алшақ ұстау және жақын тұру.<br>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. | заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) 3. Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру.<br>Алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру 5. секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру<br>Лақтыру. Қағып алу, домалату<br>Лақтыру. Қағып алу, домалату<br>Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу;<br>Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу;<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: |
| | **Сауат ашу** | | Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.<br>Сөйлемді ауызша талдау: Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу. Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. . Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Берілген сөзге сөйлем құрастыру.Жазуды көзбен қадағалау.<br>Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. | Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>Байланыстырып сөйлеу .Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру Байланыстырып сөйлеу .Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу.<br>Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу.Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау.<br>Сын есімдер мен үстеулерді қолдану. |
| | **Көркем әдебиет** | Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. | Мәнерлеп, интонациямен айту.Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау.<br>Рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру,<br>Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, |
| | **Қазақ тілі** | Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің<br>болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге | Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына<br>сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен<br>құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. | дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.<br>Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді,интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.<br>Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. |
| | **Математика негіздері** | Шама<br>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.<br>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. | Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсіну.<br>Күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу.<br>Пішіндерін анықтау<br>Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу.Бүтін мен бөлікті салыстыру бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.<br>Кеңістікті бағдарлау.<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Еңбекке баулу<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.<br>Топта кезекшілердің міндеттерін өз | Ата-ана еңбегін түсіну. Адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау.<br>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.<br>Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар, пышақтар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру және т.б. | нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу.<br>Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. |
| | **Құрастыру** | Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. | Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.<br>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту.<br>Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.<br>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. |
| | **Сурет салу** | Заттық сурет салу.<br>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Сюжеттік сурет салу:<br>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. | Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту.<br>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Сюжеттік мүсіндеу<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>Сәндік мүсіндеу:<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. | Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен)таныстыру зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, |
| | **Жапсыру** | Заттық жапсыру:<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. | Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару<br>Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру |
| | **Музыка** | Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алу қабілетін дамытуды жалғастыру.<br>Қимылдарды музыкамен үйлестіре отырып, жартылай отыруды орындау, қозғалыстарды музыканың екінші бөлігіне ауыстыра білу.<br>Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға, музыкалық кіріспені ажырата білуге, одан кейін қозғалысты бастауға, музыканың сипатына | Музыкалық шығармалардың жанрларын ажырата білуге үйрету (Наурыз, би, ән).<br>Әр түрлі сипаттағы әндерді тәуелсіз және шығармашылық орындаумен таныстыру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға үйрету. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ересек | Мектепалды |
|---|---|---|---|
| **Ақпан** | **Дене шынықтыру** | Кеудеге арналған жаттығулар<br>Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. | Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.<br>Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру).<br>Кеудеге арналған жаттығулар.<br>Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. |
| | **Сауат ашу** | | Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру.<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру,сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу.<br>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу.Сөйлемді ауызша талдау:<br>Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу,сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау,сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау |
| | | сәйкес қозғалысты өзгертуге, би қимылдарының, билердің аттарын есте сақтауға үйрету. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.). | Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. 2.Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. 3.Фонематикалық естуді дамыту 4.Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). 5.Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). |
| | **Көркем әдебиет** | Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. | Диалогтік сөйлеуді дамыту,кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту.<br>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту Кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. |
| | **Қазақ тілі** | Тілдің грамматикалық құрылымы.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің<br>болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына<br>сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен<br>құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. | Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға баулу ,сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге үйрету Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету,тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге баулу кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен айтуға үйрету<br>Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. |
| | **Математика негіздері** | Геометриялық фигуралар<br>Балаларды геометриялық фигураларды | Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). | Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.Уақытты бағдарлау.Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау. циферблат бойынша уақытты анықтау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең») анықтау.Оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Өлі табиғат құбылыстары мен заттары<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.<br>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстаның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. | Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.<br>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. |
| | **Құрастыру** | Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай | Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету.<br>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау. | және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. |
| | **Сурет салу** | Заттық сурет салу.<br>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).<br>Сюжеттік сурет салу:<br>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. | Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату.<br>Сәндік сурет салу.<br>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. |
| | **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу.<br>Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;<br>Сюжеттік мүсіндеу.<br>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.<br>Сәндік мүсіндеу:<br>балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. | Аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Жапсыру** | Заттық жапсыру:<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.<br>Сюжеттік жапсыру:<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. | Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.<br>Шығармашылық қиялды дамыту.<br>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | **Музыка** | Музыканың Көңілді, мобильді табиғатын қабылдаңыз, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналық қойылымда қолданыңыз.<br>Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға, музыкалық кіріспені ажырата білуге, одан кейін қозғалысты бастауға, музыканың сипатына сәйкес қозғалысты өзгертуге, би қимылдарының, билердің аттарын есте сақтауға үйрету.<br>Дыбыстарды биіктігі бойынша ажырата білу қабілетін дамыту (жоғары, төмен секста, септима), әндерді иллюстрациялар мен қимылдармен сүйемелдеу мүмкіндігі. | Музыкалық шығармаға деген көзқарасыңызды білдіру, оның табиғаты, мазмұны туралы айту.<br>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз, "күй" жанры, Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Д.Нұрпейісова, Дәулеткерей Шигаев, Ихлас Дүкеновтың шығармалары мен шығармаларымен таныстыру.<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақ халық би өнері ежелден қалыптасқанын, ол бай ауызша әдебиетпен, әндермен, халқымыздың дәстүрлі өмір салтымен қаныққан елдің мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық шынайылығында жалпы дүниетанымға сәйкес қазақ халқының армандары мен мұраттарын бейнелейтін жест-ишара жүйесін қалыптастыратынын түсіндіру. балаларға "Қаражорға" биі туралы түсінік беру. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ересек | Мектепалды |
|---|---|---|---|
| **Наурыз** | **Дене шынықтыру** | Спорттық жаттығулар<br>Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау.<br>Шаңғымен жүру. Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.<br>Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу.<br>Қимылды ойындар<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. | Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу.<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау. Стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау.Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Ынта мен шығармашылық танита отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру<br>Ұлттық қимылды ойындарды |
| | **Сауат ашу** | | Қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей ұстап дағдылану.<br>Саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге сызықтарды үзбей салу.Солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді үйрету . Диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. 7.Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, нақты жауап беруге баулу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір және т.б.).<br>Байланыстырып сөйлеу<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. | Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру<br>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу |
| | **Көркем әдебиет** | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. | Жұмбақ шешу<br>Санамақ, жаңылтпаш айту.<br>Айтыс өнеріне баулу .<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу .<br>Айтыс өнеріне баулу |
| | **Қазақ тілі** | Сөздік қор.<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, nабиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.<br>Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру:<br>«қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. -Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату,<br>жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.<br>Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. | атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру |
| | **Математика негіздері** | Геометриялық фигуралар<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). | Заттардың саны олардың көлеміне, санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»),анықтау. Шыдамдылық, ұқыптылық өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу Оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін») анықтау.<br>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Өсімдіктер әлемі<br>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту.<br>Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың | Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну: Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы білу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.<br>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман-бақша), гүлдер (бөлме, бақша және шабындық), бұталар және ағаштар (бақша және орман).<br>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. | Үйдегі, мектепалды даярлық тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту: Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. |
| | **Құрастыру** | Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер-тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары және т.б.), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. | Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту |
| | **Сурет салу** | Заттық сурет салу.<br>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.<br>Сюжеттік сурет салу:<br>Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке | Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (күбі торсық), тұрмыстық заттарын (кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сызықтарды жүргізу.<br>Сәндік сурет салу.<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. | қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Сюжеттік мүсіндеу<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>Сәндік мүсіндеу: | Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу.<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Жапсыру** | Заттық жапсыру:<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.<br>Сюжеттік жапсыру:<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту | Қазақ халқының киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. .<br>Сәндік жапсыру<br>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. |
| | **Музыка** | Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқай білу дағдысын қалыптастыру: тыныш, | Шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қатты, баяу, жылдам.<br>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алу қабілетін дамыту.<br>Музыканың ритағын жеткізе отырып, қозғалмалы қарқынмен секірулер жасаңыз.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау, ересектердің әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ойнауын тыңдау қабілетін жетілдіру.<br>Музыканың би сипатын қабылдау қабілетін қалыптастыру; оңай, ритақты қозғалу; жұпта би қимылдарын орындау, биде ойын музыкалық әрекеттерін қолдану. | реңктерін ажырата білуге үйретуді жалғастыру.<br>Ән айтуда вокалды-есту үйлестіруін жетілдіруді жалғастыру.<br>Би қимылдарын меңгеру: бөлшек қадам, ауыспалы қадам, жүгіру, әр түрлі бағытта жүру.<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; музыкалық фразаларға сәйкес қозғалыс бағытын өзгерту.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топтарда орындауға үйрету, балалардың шығармашылығын дамыту, оларға белсенділік, Тәуелсіздік ұялату. |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ересек** | **Мектепалды** |
|---|---|---|---|
| **Сәуір** | **Дене шынықтыру** | **Салауатты өмір салтын қалыптастыру**<br>Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру**.**<br>Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.<br>«Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы | Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.<br>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.<br>Түзу бағытта адымдап жүру.<br>Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу<br>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу.Қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет)<br>Қолды тізеге қойып отырып-тұру;<br>Аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.<br>Көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.<br>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. | жағдай жасау.<br>Көктем, жаз мезгілдерінде футбол, бадминтон ойындарына жағдай жасау. |
| | **Сауат ашу** | | Әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, нақты жауап беруге баулу. Сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Сөйлем туралы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз)<br>Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау.<br>Жай сөйлемдерді сөздерге бөлу<br>Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау<br>Берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>Қолды жазуға дайындау. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | Байланыстырып сөйлеу<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. | Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру.<br>Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға баулу.Тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру.Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару<br>Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру<br>Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру<br>Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру |
| | **Көркем әдебиет** | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. | Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау.<br>Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу Рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру.Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Балаларды қол жетімді көркем шығармаларға баулу.<br>Театр әлеміне баулу.<br>Театр әлеміне баулу |
| | **Қазақ тілі** | Тілдік дамытушы орта. | Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар,<br>оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен<br>сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және<br>сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды,<br>фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. | қатынасын білдіру Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді айтуға ынталандыру.<br>Көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>Қазақ халқы тұрмыстық заттарды, азық-түлік атауларын (құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран)<br>Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.<br>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.<br>Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту. |
| | **Математика негіздері** | Кеңістікті бағдарлау<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.<br>Уақытты бағдарлау<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. | Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.<br>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.Белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.<br>Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру.<br>Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру.<br>Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тану.<br>Заттар мен құбылыстардың қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетіне баулу.Таным процесін ерікті реттеу. Шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Кеңістік туралы түсіндіру.<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Жануарлар әлемі<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектер, қоңыздар, кейбір құстардың болмауы, қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. | Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаутуралы білу.Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну.<br>Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.<br>Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.<br>Нанға ұқыпты карауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). |
| | **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан құрастыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру; Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу. | Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. -Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу.<br>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелелерін сақтау. |
| | **Сурет салу** | Заттық сурет салу. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Сюжеттік сурет салу: Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Сәндік сурет салу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. | Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. - Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. |
| | **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу. Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: 1) түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу; Сюжеттік мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. Сәндік мүсіндеу: балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. | Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру. Қазақ халқының киіз үйдің жабдықтарымен (сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру. Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. |
| | **Жапсыру** | Заттық жапсыру: қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді | Қазақ халқының киіз үйдің жабдықтарымен (сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>Сюжеттік жапсыру:<br>барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды қиюды бекіту. Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. | заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.<br>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. |
| | **Музыка** | Қазақ халық аспабы-домбыраның дыбыстарын қабылдау қабілетін бекіту.<br>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алу қабілетін бекіту.<br>Ағаш қасықтарда, асатаякта, сазсырнада қарапайым әуендерді ойнау қабілетін дамыту.<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айту, қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілік таныту. | Шығарманың жекелеген фрагменттері (кіріспе, қорытынды, музыкалық фраза) бойынша әуендерді тану арқылы музыкалық жадыны жетілдіру.<br>Ән айтуда вокалды-есту үйлестіруін жетілдіру.<br>Би қимылдарын меңгеру: бөлшек қадам, ауыспалы қадам, жүгіру, әр түрлі бағытта жүру.<br>Балалар музыкалық және Шу аспаптарында (дәстүрлі емес материалдан) ойнау тәсілдерімен таныстыру. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ересек | Мектепалды |
| --- | --- | --- | --- |
| **Мамыр** | **Дене шынықтыру** | Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары<br>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары<br>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. | Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Түзу бағытта адымдап жүру.<br>Жұбымен шеңбер бойымен жүру.<br>Жүзу(бассен болған жағдайда). Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу.<br>Судағы аэробика. Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | Байланыстырып сөйлеу<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.<br>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. | Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.<br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру.<br>Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын,соңын ойдан шығару.<br>Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау. |
| | **Сауат ашу** | | Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу.<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең пішіндерді арасындағы арақашықтықты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | сақтау,<br>Қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтардың арақашықтығын сақтау.<br>Нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтау.<br>Үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>Үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. |
| | **Көркем әдебиет** | Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. | Кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру.<br>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. |
| | **Қазақ тілі** | Тілдік дамытушы орта.<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар,<br>оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды,<br>фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде | Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру.<br>Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға баулу. Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға баулу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | анық айтуға баулу.<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, nабиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. | Берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. |
| | **Математика негіздері** | Кеңістікті бағдарлау<br>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.<br>Уақытты бағдарлау<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. | Заттарды кеңістікте орналастыру ( жоғарыда, төменде).<br>Қозғалыс бағыттары: жоғарыдан төменге, алға, артқа.<br>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. -Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.<br>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасқа баулу.<br>Ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | Жәндіктер әлемі<br>Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.<br>Табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу. | Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.<br>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу. Бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. |
| | **Құрастыру** | Құрылыс материалдарынан құрастыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру; | Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. - Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Қағаздан құрастыру.<br>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.<br>Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу.<br>Конструктор бөлшектерінен құрастыру. | бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. |
| | **Сурет салу** | Заттық сурет салу.<br>Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту. Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.<br>Сюжеттік сурет салу:<br>қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. | Әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.<br>Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу.<br>Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. |
| | **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу<br>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.<br>Сюжеттік мүсіндеу<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>Сәндік мүсіндеу:<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. | Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу.<br>-Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.<br>-Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| | **Жапсыру** | Заттық жапсыру:<br>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды | Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. | бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.<br>- Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. |
| | **Музыка** | Қазақ халық аспабы-домбыраның дыбыстарын қабылдай білуге үйретуді жалғастыру.<br>Музыканың Көңілді, мобильді табиғатын қабылдауды жалғастыру, мазмұн бойынша таныс әндерді сахналауда қолдану.<br>Балалардың музыкалық аспаптарын тану және атау қабілетін жетілдіру.<br>Музыканың Көңілді жанды табиғатын ажырата білу қабілетін дамыту, атрибуттармен би қимылдарын орындау. | Вальс ритағындағы лирикалық, тегіс әуенді қабылдау, әннің немесе шығарманың би сипатын сезіне білу, қарқынды өзгерістерді атап өту, шығармаларды сипаттай білу.<br>Музыкалық талғаммен ән орындауды жалғастырыңыз.<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; музыкалық фразаларға сәйкес қозғалыс бағытын өзгерту.<br>Балалардың музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топтарда орындауды, балалардың шығармашылығын дамытуды, оларға белсенділік пен тәуелсіздікті сіңіруді үйренуді жалғастыру. |